**Түпқараған гуманитарлық-техникалық колледжі**

«Бекітемін»
ТГТК басшының м.а
Сұлтанғали А ________
« 03 » 09 2021ж

КЕЛІСІЛДІ
М.Горький атындағы м/г
директоры
Ниязбаева Ж.Ж. ________
« 06 » 09 2021ж

КЕЛІСІЛДІ
Ж.Мыңбаев атындағы м/г
директоры
Тажигулова Б.С ________
« 06 » 09 2021ж

КЕЛІСІЛДІ
Е.Өмірбаев атындағы о/м
директоры
Берішбаева А.С. ________
« 06 » 09 2021ж

**Мамандығы:** 0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»
(**біліктілігі:** 010101 3 – Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі)
**Тәжірибе түрі:** Баланың мектептегі алғашқы күндері
**Топ:** ДШВ-18 (4 курс)
**Тәжірибе жетекшісі:** Тулепова А.А.
**Сағат саны:** 72
**Тәжірибе уақыты:** 01.09.2021ж-11.09.2021ж

**«ҚАРАЛДЫ»**
Пәндік циклды комиссия отырысында
Хаттама № 1 «____»_________2021ж
Төрайымы: ________ Иманғалиева Ж
(қолы) (аты-жөні)

2021 – 2022 оқу жылы

«Педагогика» пәнінің осы үлгілік оқу бағдарламасы «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 15 маусымдағы №384 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №72 бұйрығына сәйкес 0101000- «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығының 0101013- «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі» біліктілігі бойынша әзірленген.

«Педагогика» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы білім ұйымының оқу жұмыс бағдарламасын әзірлеу үшін негіз болып табылады.
Үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеуде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары циклға бөлінген оқу уақытының көлемін сақтай отырып.
-үлгілік оқу жоспарында цикл пәндерін зерделеуге бөлінген оқу уақыты көлемін әлеуметтік серіктестіктің сұранысы бойынша арнайы пәндердің мазмұны мен сағат сандарын (теория және тәжірбиелік) 50%-ға дейін өзгертуге құқылы;
-бағдарламалық материалды бірізділікпен оқытуда дәлелденген өзгерістерді енгізу;
-жеке тәжірбиелік және зертханалық сабақтарды басқа мазмұны сәйкес сабақтармен алмастыруға болады;
Білімдер мен тақырыптардың тізімі (соның ішінде резервті уақыт есебінде)жергілікті шарттарды және жұмыс берушінің талаптарын есептегенде аймақтық компоненттерді енгізген жағдайда тереңдетілген немесе кеңейтілген жағына өгеруі мүмкін.

**Кіріспе**

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептегі оқу – тәрбие жұмыстарының сабақтастығы. Алғашқы күндердегі оқу – тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру процесінің ерекшеліктерін бақылау. Оқушылардың алғашқы күндері, мектепке бейімделуі. Ата – аналармен жүргізілетін жұмыстары. Оқу – тәрбие процесінде қолданылатын педагогикалық технологиялар. Үзіліс кезіндегі сергіту сәттерін, ойындарды ұйымдастыру, мұғалімдерге көмек көрсету. Дмагностикалау.

**Дағдылар:**

- педагогикалық технологиялар мен көрнекі құралдар қолдану;
- оқушылардың бейімделу кезеңдері туралы күнделік толтыру;
- өз бетінше кәсіби іскерлігін дамыту,мұғалімге көмектесу
- үзіліс кезінде түрлі дамытушылық, қызықты ойындар ұйымдастыру, оқушыларды қабылдау, үйлеріне жеткізу, т.б. жұмыстарды орындау;

**Іскерліктер:**

- алғашқы күндердегі оқушылардың мектепке бейімделу кезеңін бақылау, талдау және ерекшеліктерін анықтау (мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарының сабақтастығына байланысты);
- мектепке дайындық сыныбындағы оқу-тәрбие жұмысының жинақтау әдісі мен талаптары туралы білімдерін тереңдету;
- алғашқы күндердегі баланың мектепке бейімделуін диагностикалау және талдау жүргізу және балалардың мектепке дайындық деңгейін анықтау;

**Баланың мектептегі алғашқы күндері**

| № | Мазмұны | Сағат саны | Уақыты |
|---|---|---|---|
| 1 | Тәжірибенің мақсаты, маңызы, міндеттері. Жолда жүру ережесі, өрттен сақтану, еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздігін сақтау ережелері. Мектептерге, дайындық сыныптарға бөлу, құжаттарды жүргізуге қойылатын талаптар | 9 | 01.09.2021 |
| 2 | Мұғалімнің балалардың ата - аналармен қарым - қатынасы және олармен жүргізілетін жұмыс нысандары | 9 | 02.09.2021 |
| 3 | Мектептегі даярлық сынып сабақтарына қатысу, мұғалімнің алғашқы күндердегі балалармен ұйымдастырған іс - әрекеті, балалардың мектепке дайындығы, жаңа ортаға бейімделуі. Мұғалімнің құжаттары (күнтізбелік - тақырыптық жоспар, үлгерім журналы, тәрбие жоспары, балалардың жеке құжаттары | 9 | 03.09.2021 |
| 4 | Мұғалімнің сабақты ұйымдастыру шеберлігі, оқушылардың бір - бірімен қарым - қатынасы, даму ерекшелігі. Үзіліс кезінде ойындар ұйымдастыру | 9 | 04.09.2021 |
| 5 | Сабақтағы балалардың белсенділігі, ақыл - ойының дамуы, қоршаған ортамен байланысы. Бақылау, талдау және диагностикалау. Табиғат бұрышына көмек, көрнекіліктер жасау | 6 | 06.09.2021 |
| 6 | Балаларды мектепке алдын - ала дайындаудағы ата - ананың ролі(баяндама).<br>Балалармен психодиагностика жүргізу, үзіліс кезінде ойындар ұйымдастыру | 6 | 07.09.2021 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |
| 7 | Ата - аналар жиналысына қатысу және талдау(хаттамасы). | 6 | 08.09.2021 |
| 8 | Балалардың сабақ кезіндегі танымдық қызығушылықтарын дамыту, қабылдау, зейін, ес, қиял. Сабақтағы балалардың оқуға қызығушылылықтарын қалыптастыратын жағымды сезімдерді байқау және талдау және еңбекке қабілеттіліктерін қалыптастыратын жағымды сезімдерді байқау және талдау. | 6 | 09.09.2021 |
| 9 | Балалардың даярлық топтарында жалпы дамуын анықтау: сөйлеу, оқу, жазу, есептеу дағдыларының қалыптасу деңгейі. Мұғалімнің әдістемелік әдебиеттерді қолдануы және олармен жете танысу. | 6 | 10.09.2021 |
| 10 | Балалармен мұғалімнің оқу - танымдық іс - әрекетін бақылау, сипаттама беру. Өзін - өзі тану бойынша жұмыстар жүргізу | 6 | 11.09.2021 |
| | **Барлығы:** | **72** | |